

Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 22 маусымдағы № 520 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 9288 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Әкімдіктің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы" 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 639 (2015 жылғы 12 маусымда "Рудненский рабочий" қалалық газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5641 болып тіркелген);

2) "Әкімдіктің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 639 "Коммуналдық мүлікті иеліктен шығару түрлерін таңдау бойынша критерийлерді анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 18 қарашадағы № 1480 (2017 жылғы 10 қаңтарда "Рудненский рабочий" қалалық газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6757 болып тіркелген).

3. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Рудный қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Б. Гаязов

Әкімдіктің
2020 жылғы 22 маусымдағы
№ 520 қаулысына
қосымша

Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар

№ р/с	Өлшемшарттардың атауы	Иеліктен айыру түрлері
1.	Жекешелендіру объектісін әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесінің болмауы; заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі; ең жоғары ықтимал баға бойынша жекешелендіру объектісін сату және саудаға қатысушылардың кең тобын тарту қажеттілігі; мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесі болмаған кезде оларды сату	Сауданы аукцион нысанында өткізу
2.	Заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі; сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі уақыт кезеңіне жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі; ең жоғары ықтимал баға бойынша жекешелендіру объектісін сату қажеттілігі; сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі уақыт кезеңіне жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі болған кезде мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату	Сауданы тендер нысанында өткізу
3.	Кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқарудың сенімгерлік басқарушымен, жалдаушымен (жалға алушымен) мүліктік жалдау (жалға алу) шартының талаптарын орындау үшін мемлекеттің бақылауын белгілі уақыт кезеңіне сақтау қажеттілігі	Тікелей атаулы сату